

УДК/ӨОЖ 94(574)/575 «ХХ»

**Санжар Асфендиаров
және Ташкент мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесі**

Жүнісбаев Алмас Әбдіғаниұлы

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, ғылыми қызметкер, PhD докторант.
Қазақстан Республикасы, 041600, Талғар қаласы, У. Громова к., 6 а. E-mail: aj013@mail.ru

Түйін. Мақалада 1917 жылы Түркістан өлкесіндегі революциялық қозғалыс кезеңіндегі көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері С. Асфендиаровтың қызметі, оның Ташкент қаласындағы Жұмысшы мұсылман депутаттар кеңесін құру мен ұйымдастырудағы жолындағы еңбегі жан-жақты қарастырылып, қайраткердің саяси көзқарастарын талдау негізінде автономияны құруға бағытталған түркі-мұсылман ұлт-азаттық қозғалысына қатысу деңгейі анықталады, сонымен қатар жергілікті ұлттық саяси ұйымдар мен Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі арасындағы қарым-қатынас мәселелері сараланған. С. Асфендиаровтың өмірі мен қызметінің осы кезеңіне жеке зерттеу жүргізу арқылы оның бұрынғы патша армиясының әскери-медициналық қызметінің офицері ретінде Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысына солдат бұқарасынан тартылғандығын көрсетеді. Сондықтан да С. Асфендиаровтың әлеуметтік-демократиялық көзқарастары түркі-мұсылман зиялы қауым өкілдерінің басым көпшілігінің позициясынан біршама өзгешеленді. Императорлық әскери-медициналық академиядағы жылдар, патша әскеріндегі қызмет, Бірінші дүние жүзілік соғыстың майданындағы ұрыстарға қатысу, неміс тұтқыны, Бұқарадағы әмір режиміне қарсы күрес тәжірибесі, тыл жұмыстарынан қайтып келген мұсылман жұмысшыларын революциялық қозғалысқа тартудағы ұйымдастырушылық қызмет, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттар кеңесімен қарым-қатынас пен өзара әрекет оның саяси көзқарастарының қалыптасуына және өлкедегі саяси күштердің арасалмағын нақты бағалауға өз септігін тигізді. 1917 жылы қарашада Ташкенттегі большевиктік төңкеріс және одан кейін 1948 жылы ақпанда орын алған Қоқан автономиясының күшпен талқандалуы кеңестер жағына өтудің мәжбүрлігін және қажеттілігін көрсетті. Санжар Асфендиаров революциямен тартылып, кеңестік Түркістанда большевиктік режимнің орнауы мен нығаюы жағдайында Түркістанның жергілікті халықтарының мақсат-мүддесін қорғауға бет алған түркі-мұсылман зиялы қауым өкілдерінің қатарына кірді.

Түйін сөздер: Санжар Асфендиаров; ұлт-азаттық қозғалыс; революциялық қозғалыс; мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесі; түркі-мұсылман интеллигенциясы

1917 жыл Ресей сынды алып империяның отарлық аймақтарына айналған Қазақстан мен Түркістан үшін бетбұрыс кезеңіне айналды. Монархиялық билікті жойған Ақпан революциясынан кейін кең-байтақ қазақ даласы мен Түркістан өлкесінде ұлт-азаттық және революциялық қозғалыс кең етек жайды. Аяққа тапталған табиғи құқықтарын қалпына келтіруді, ұлттық теңдік пен бостандыққа қол жеткізуді аңсаған түркі-мұсылман халықтары түрлі саяси партиялар мен ұйымдар, бірлестіктер мен одақтар құру арқылы бүкіл империяны қамтыған демократиялық қозғалысқа тартылды. 1917 жылдың көктеміне қарай қалыптасқан ауыр саяси ахуал қатаң езгінің астында қалған түркі-мұсылман қоғамының бар интеллектуалды және прогрессивті күштерін ұлт-азаттық қозғалысқа белсене тартып, іштей бірігу жолына итермелеген болатын. Бүкіл империя дәрежесінде саяси өмірге араласқан қазақ зиялыларының аға буын өкілдері патша шенеуніктерінің бассыздықтарына тосқауыл болу, теңдік пен әділеттілікті орнату, отарлық езгіге, ұлыдержавалық саясатқа қарсы тұру арқылы үлкен саяси тәжірибе жинақтап, ұлттың бетке ұстар азаматтарын және қазақ халқын бір орталыққа біріктіру, оның алдыңғы қатарда тұрған қажеттіліктері мен мұң-мұқтаждарын анықтау, халықтың болашақтағы саяси құрылысы мен жалпы әрекет ету стратегиясын құрастыру, маңызды мәселелерді талқыға салу ісін қолға ала отырып, егемендік үшін күрес жолына шықты.

1917 жылы маусымда Өлкелік жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі Термезде ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Санжар

Асфендиаровты Ташкентке шақыртып алады. Бұл уақытта майданнан оралған тыл жұмысшылары және ескі қаланың Шейхантаур, Бесағаш, Көкше сынды бөліктерінің тұрғындары 2 маусым күні шеру ұйымдастырды. Осы жиында сөз сөйлеген баяндамашылар қалың бұқараны Уақытша үкіметке және оның өлкеде құрылған азаматтық қауіпсіздік комитеттеріне қолдау көрсетудің қажеттігіне үгіттеді. Мұндай баяндамашылардың қатарына жәдитшілер қозғалысының көрнекті өкілі Мунауар Қары Абдурашидханов та қосылып, өзінің сөйлеген сөзінде майданнан қайтып оралған жұмысшыларды Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге ғана шақырып қоймай, Үкіметке көмек ретінде қайтадан тылдағы қара жұмыстарға оралудың қажеттігі туралы баян етті (Inoyatov 1958, P. 71). Баяндамашылардың сөздеріне көңілі толмаған қалың бұқара тез арада жиын орнын тастап, ескі қаланың базар алаңында өз алдына жеке жиын өткізеді. Бұл жиынға қатынасқан 800-ден астам тыл жұмысшылары олардың мүдделерін қорғай алатын Ұйымдастыру бюросын құру (бюроның құрамына 16 адам кірді – А.Ж.) шешімін қабылдап, оның төрағасы ретінде Салахитдин Муфти Заденің сайлады¹. Аталған бюро артынан құрылған ескі қалалық мұсылман жұмысшылар депутаттар Кенесінің өзегіне айналып, оның жарғысының жобасын даярлады.

Маусымда Ташкентке келген С. Асфендиаров қаланың ескі бөлігінде жергілікті халық арасында айтарлықтай беделге қол жеткізіп үлгерген «Шура-Исламия» («Ислам кеңесі» немесе «мұсылмандар кеңесі») ұйымының мүшелерімен араласа бастайды. 1917 жылдың наурыз айында құрылған «Шура Исламия» ұйымы ескі Ташкент қаласының барлық бөліктерін біріктіріп, мұсылман халықтарының демократиялық сайланбалы органның міндетін атқарды. Бұл ретте жұмысшы мұсылмандардың Кеңестерін «Шура-Исламия» ұйымының және жергілікті жерлердегі өкілдіктерімен құрылған «мұсылман кеңестерімен» шатастырмаған абзал. Аталған ұйымның төңірегінде түркі-мұсылман зиялы қауымының 60-тан астам алдыңғы қатарлы өкілдері топтасып, оның жұмысына жетекшілікті жәдитшілер Убайдулла Қожаев, Мунауар Қары Абдурашидханов және Абдулла Авлони жүргізді. «Шура-Исламия» ұйымы қалаларда, елді мекендерде, ауылдарда қоғамдық-саяси үгіт-насихат мақсатындағы түрлі жиындар мен шерулерді өткізу, өлке халықтары арасында туындап отырған қайшылықтарды жою, олардың жақындасуы мен бірігуіне ат салысу, әр түрлі ұлттық комитеттер мен партиялармен байланыс орнатып, олардың ойлары мен бағдарламаларын тұрғылықты халыққа жеткізу, реформалардың кешенін даярлау, жергілікті ұлт өкілдерін жаңа басқару жүйесіне тарту, бүкіл Түркістан мұсылмандарының съездерін шақыру мен өткізу сынды міндеттерді алға қойды.

«Шура-Исламия» ұйымның құрылуы өлкедегі саяси күштердің арақатынасына өзгеріс алып келді. Қысқа уақыт ішінде Түркістанда келесідей үш саяси орталық құрылып үлгерді: солдаттар мен еуропалық жұмысшылардың кеңестері; алғашқысына қарағанда халық бұқарасының анағұрлым кең бөлігін қамтып, өлкедегі барлық демократиялық ұйымдардың біріктірушісі міндетін атқарған және жергілікті жерде Уақытша үкімет органдарының рөлінен дәмелі болған қоғамдық ұйымдардың атқару комитеттері, олардың құрамына өз өкілдерін әр түрлі партиялар мен ағымдар аттандырды (меньшевиктер, социал-революционерлер және т.б.); өлкедегі мұсылман халқының мүддесін қорғаған ұлттық ұйымдар мен партиялар. Олардың қатарына Ақпан революциясынан кейін Қазақстан мен Түркістан сынды ұлттық аймақтарда тез арада құрыла бастап, өз қызметтерінің белсенділігін арттыра түсірген «Алаш Орда», «Шура-

¹ Ташкент облысының мемлекеттік архиві (ТОМА). 10-қ., 1-т., 16-іс, 6-п

Исламия», «Тұран», «Түрік адами марказият» және өзге де саяси партиялар мен ұйымдарды жатқызуға болады.

Жоғарыда аталған ұйымдар түркі-мұсылман халқының мақсат-мүддесін білдіруге тырысқанымен, олардың арасында (майданда жүріп жатқан) соғысқа, Уақытша үкіметке көзқарас, Құрылтай жиналысын шақыруға дайындық жүргізу, Ресейдегі болашақ басқару жүйесіне, өлкедегі күрделі азық-түлік жағдайын шешу мәселелеріне қатысты ортақ берік позиция мен ауызбірлік болмады. Белгілі итальян тарихшысы Марко Буттино 1917 жылдардағы революциялық және демократиялық қозғалыс кезінде өлкеде белсенді түрде әрекет ете бастаған түркі-мұсылман саяси элитасын негізгі үш топқа бөлді: монархиялық режимнің ішінен өсіп шыққан тәжірибелі аға буын өкілдері (Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Тынышпаев және т.б.); Түркістан қоғамын реформалар арқылы жаңартуға ұмтылған жас түріктердің ықпалындағы жәдитшілер (М. Бехбуди, М. Қары Абдурашидханов, У. Қожаев және т.б.); консервативті көзқарастағы үлемдер (С. Лапин және т.б.) (Buttino 2007, Р. 112-113). Осы үш топтың өкілдері қалыптасып үлгерген көзқарастар мен ұстанымдардан қол үзіп кете алмай, саяси билік үшін күресте қателіктерге бой алдыртуға мәжбүр болды. Өлкеде қалыптасқан күрделі саяси және жалпыхалықтық ояну жағдайында, түркі-мұсылман зиялы қауымының ішінен халқына қызмет етуге ұмтылып, жаңаша ойлауға қабілетті жас буын өкілдерінен құралған жаңа төртінші топ саяси аренаға шыға бастады. Оның құрамына кірген С. Асфендиаров, М. Шоқай, Т. Рысқұлов, Ф. Қожаев, Н. Қожаев сынды дарынды әрі жігерлі жастар алдыңғы қатардан біртіндеп орын ала бастады. Бұлардың әрқайсысы өлкеде қарқын алып келе жатқан революциялық және демократиялық қозғалысқа, тәуелсіздік пен егемендік үшін күреске әр түрлі жолдар арқылы келгенімен, оларды ортақ ұлттық тәуелсіздік идеясы біріктірді. Туған халқы үшін қиын-қыстау, дүрбелеңге толы кезеңдерде қазақ жастары алдыңғы үш топ арасында айтарлықтай күшке айнала бастап, ұлт болашағы үшін күреске бел шеше кірісті.

Күн өткен сайын өлкеде өріс алып келе жатқан революциялық-демократиялық қозғалыс отарлық езгінің бұғауында ұзақ уақыт бойы өмір сүріп келген қоғамның ішінен жаңа саяси күштерді өмірге алып келді. Қалыптасқан күрделі саяси ахуал әртүрлі топтарға өз мүдделерін ерікті түрде білдіруге және оларды қорғауға мүмкіндік берді. Осы сарынның нәтижесі ретінде 1917 жылы мамыр-тамыз аралығында Түркістан өлкесінің ірі қалалары – Ташкентте, Қоқанда, Өндіжанда және Самарқантта мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңестері бой көтерді. Жұмысшы мұсылмандардың одақтары жер-жерде әр түрлі салаларда еңбек еткен жұмысшылардың кәсіподақтарын құру ісін өз қолдарына алды. 1917 мамыр айына қарай Ташкентте – 44, Самарқантта – 23, Қоқанда – 15 кәсіподақтар құрылып үлгеріп (Istoriya kommunisticheskikh organizacij 1967, Р. 148), олар жұмысшылар мен қызметкерлерді біріктірген бұқаралық ұйымдарға айналды. Оларды құруға ерік танытушылардың басым көпшілігін 1916 жылы тылдық қара жұмысқа аттандырылып, 1917 жылы майданнан қайтып оралған 100 мыңға жуық түркістандықтар құрады. Соғыс тылында орналасқан зауыттар мен өнеркәсіп орындарында таптық күрестің тәжірибесімен іс жүзінде танысып, революцияның солшыл радикал күштерінің идеялары мен ойларын бойына сіңірген қара жұмысшылар оларды әлсіз жіктелген жергілікті түркі-мұсылман қоғамына қайта келіп қосылды.

1917 жылы маусымда Ресейден қайтқан жұмысшылардың жиналысында Ташкент қаласының мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі құрылды. 14 маусымда Өндіжанда жұмысшылардың шеруінің қорытындысы ретінде 13 өзбек пен 2 орыстан құралған мұсылман жұмысшы Кеңесінің төралқасы сайланды.

Самарқантта құрылыс жұмысшыларының, қолөнершілердің және тері илеушілердің ұйымы – «Қамбағарлар йигилиши» құрылып, оған басшылықты И. Миржамалов пен С. Жорабаев жүргізді. Осы уақытта Қоқанда «Жұмысшы мұсылмандардың одағы» («Мусулмон мехнаткашлары Иттифаки») ұйымдастырылып, оның құрамына жарғы бойынша қолөнершілер мен ұсақ саудагерлер де қабылданды². 25 маусымда өткен қала жұмысшыларының жиналысында одақтың негізгі мақсаттары мен міндеттері анықталынып, 15 адамнан тұратын ортақ басқару сайланды. Оның құрамына Х. Камил-заде, М. Мирақылов, А. Ахунбаев, Ә. Мирпулатов, Я. Қожаев, Р. Шәдиев, М. Халық-заде және т.б. кірді³. Бұл одақ құрылған күнінен бастап байлардың мүддесін қорғаған Қоғамдық қауіпсіздік комитетіне қарсы күрес жүргізіп, оны таратуды талап етті.

Осылайша, мыңдаған жұмысшы мұсылмандар Ташкентте – С. Муфти-заде, М. Қожаев, С. Асфендиаров, Төребаев, Рахматуллаев, С. Әріфқожаев, Сейітқожаев және т.б.; Қоқанда – Ә. Мирпулатов және т.б.; Өндіжанда – Ә. Әлімқұлов, А. Оразаев, С. Тоқтабеков, М. Тәжібеков және т.б.; Самарқантта – А. Шырынбаев, С. Сыдыққи, А. Шамансұров сынды жаңа толқыннан шыққан саяси қайраткерлердің төңірегінде топтасып, революциялық қозғалысқа тартылды.

Ташкентте Түркістан өлкелік мұсылман кеңесімен бірлесе отырып жұмыс істеген С. Асфендиаров жұмысшы мұсылман халқын төменнен біріктіру ісін қолға алып, қалада мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесін құруға бағытталған ұйымдастыру жұмысын бастап кетеді. 1917 жылы 14 шілдеде Ташкент қаласы жұмысшы мұсылмандарының жалпы жиналысы өтіп, оның күн тәртібінде кеңестің жарғысын бекіту, мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің жетекші органдарын және атқару комитетінің құрамын сайлау туралы мәселелер қаралды. Алғашқы мәселе бойынша 15 баптан құралған Кеңес жарғысының жобасы бірқатар толықтыруларды енгізгеннен кейін қабылданып, төмендегідей баптардан тұрды:

1) Кеңестің құрамына кәсіподақтарға ұйымдасқан жұмысшы-мұсылмандардан депутаттар кіреді; 2) Әрбір одақтан 100 адамға бір депутат жіберіледі (Ескерту: 100 адамнан кем одақ [кеңеске] бір депутатты аттандырады); 3) Кәсіподақтарға бөлмей жұмысшылардың алғашқы жиналысымен сайланған Кеңес ұйымдаса отырып, бірден кәсіподақтарды ұйымдастыруға кірісіп, олардың ішінен құрылуына байланысты Кеңеске сайлауды өткізеді; 4) Әрбір жұмысшы Кеңестің кассасына ай сайынғы жарналық төлем енгізуі тиіс. Жарналық төлем Кеңестің жалпы жиналысымен бекітіледі; 5) Кеңеспен біріктірілген жұмысшы ұйымның құрамына кіретін әрбір жұмысшы оның жиналыстарында қабылданған жарлықтар мен қаулыларға қатаң бағынуға міндетті; 6) Кеңес Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесімен тығыз байланыс орнатып, оның құрамына өз делегаттарын аттандырады және өзінің құрамына теңдей мөлшерде Жұмысшы және солдат депутаттар кеңесінің делегаттарын қабылдайды. Кеңес өз ішінен 8 мүшеден тұратын атқару комитетін және 5 мүшеден тұратын төралқаны сайлайды (*Ескерту: Төралқа атқару комитетінің құрамына кіреді*); 7) Кеңестің барлық істеріне жетекшілікті атқару комитеті жүргізіп, жиналыстардың қаулыларын жүзеге асырады, өзге ұйымдармен байланыс орнатады және тағы сол сияқты; 8) Атқару комитетінің отырыстары аптасына екі реттен кем емес, ал Кеңестің жалпы жиналысы айына үш реттен кем емес өтеді; 9) Кеңес келесідей комиссияларды ұйымдастырады:

² Наша газета. – №54. – 28 июня 1917 г.; 1917 год в Туркестане (Хроника событий) // Коммунистическая мысль. - Книга 3. - 1927. – С. 302.

³ Хуррият. №23. 18 августа 1917 г.

а) ұйымдастыру; б) қаржы; в) үгіт-мәдени-ағарту; г) заң; д) тексеріс; е) азық-түлік; 10) Ұйымдастыру комиссиясы кәсіподақтарды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізуге, одақтан Кеңеске және өзге де ұйымдарға сайланып отыруын іске асыруға міндетті; 11) Қаржы комиссиясының міндетіне жарналық төлемдерді, даулы махаллалық соммалардан пайыздық есептерді жинау және Кеңестің қажеттілігі үшін қаражат іздестіру жатады; 12) Үгіт-мәдени-ағарту комиссиясы дәріс оқуларды, шерулерді, әңгімелесулерді, оқуларды ұйымдастырумен, клубтарды, кітапханаларды, оқу бөлмелерін ашумен, газеттер мен журналдарды басып шығарумен, орыс брошюраларын түздік тілге аударумен, халық үшін көңіл көтеру шараларын ұйымдастырумен айналысады; 13) Заң комиссиясы өз мүшелері үшін кеңес беру арқылы юридикалық көмек береді, сот және өзге де мекемелерде істі жүргізеді, сондай-ақ кәсіподақтар құрылғанға дейін жұмыссыздарға әр түрлі көмек береді; 14) Тексеріс комиссиясы айына бір рет соммалардың және шығындардың дұрыстығын тексеріп, оның қорытындыларын жалпы жиналыста мәлім етеді; 15) Азық-түлік комиссиясы өз өкілі атынан әр түрлі азық-түлік мекемелерімен байланыс орнатып, мұсылмандардың демократиялық элементтерінің азық-түліктік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шараларды қолданады (Pobeda Oktyabr'skoj revolyucii 1963, P. 179-180).

15 шілдеде Ташкент мұсылман жұмысшыларының жиналысында Ұйымдастыру бюросы жарғыға сәйкес 32 адамнан тұратын Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесін сайлауды ұсынып, Кеңестің атқару комитетінің мүшелігіне бір ауыздан С. Асфендиаров, Исмаилов, Мырза-заде, Қожаев, Төребаев, Рахматуллаев, Имгамжанов, Мақсұмов, Кеңес төралқасының қосымша үш мүшесі ретінде Әріфқожаев, А. Абдурашитов, Сейітқожаев, Кеңестің төрағалығына С. Муфти-заде, ал оның атқару комитетінің төрағалығына Санжар Асфендиаров, хатшылығына Юнусмұхамедов сайланды (Pobeda Oktyabr'skoj revolyucii 1963, P. 173-174).

1917 жылы 4 шілдеде «Қазақ» газетінде Ә. Бөкейхановтың «Қазақ депутаттары» атты мақаласы жарық көрді. Онда ол тұңғыш Жалпықазақ съезін ұйымдастыру ісін қолға алып отырған бюроға қазақ арасынан сайлауға түсетін депутаттар мен оған үміткер болған 40-қа тарта жоғары білімді қазақ жастарының алдын ала құрастырылған тізімді ұсынды. Түркістан өлкесінен бұл тізімге М. Шоқай, Н. Төреқұлов, М. Тынышпаев, С. Өтегеновтермен бірге Санжар Асфендиаров та кіргізілген болатын (Alash kozgalysy 2004, P. 354-356). Демек, 1917 жылдың екінші жартысына жоспарланып отырған тұңғыш Жалпы қазақ съезіне С. Асфендиаровтың делегат ретінде шақырылып, қатысуы тиіс еді.

21-26 шілде күндері Орынбор қаласында өткен I жалпықазақ съезіне екі отарлық аймақтың 8 облысынан (Ақмола, Орал, Семей, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Өмудария) және Бөкей ордасынан қазақ өкілдері қатысып, күн тәртібінде тұрған 14 мәселені талқыға салды. Съезге төрағалықты Х. Досмұхамедов жүргізіп, оның серіктерінің (Alash kozgalysy 2004, P. 362-363) міндеттерін А. Байтұрсынов және Санжардың жездесі Ә. Көтібаров атқарды. Бұл съезде қаралған сегізінші мәселе бойынша Құрылтай жиналысына депутат және оған кандидаттыққа Сырдария облысынан С. Асфендиаровпен қатар, М. Шоқай, Ә. Кенесарин, С. Өтегенов, Ә. Көтібаров, Х. Ибрагимов, З. Сейдалинов, И. Қасымов, П. Пулатханов, С. Айзонов, Е. Табынбаев, С. Қожанов, У. Қожаев және О. Жанғалинов сайланды (Alash kozgalysy T.1 2007; Kazahskie s'ezdy 2007).

Орынборда өткен I жалпы қазақ съезі К. Нұрпейісов, Ғ. Ахмедов, Д. Аманжолова, К. Илиясова және өзге де танымал тарихшылардың ғылыми еңбектерінде (Ahmedov 1996; Nurpejsov 1995; Amanzholova 1994;

Nurmagambetova 2003) тиісті дәрежеде қарастырылғандықтан да, біздің алдымызда тұрған міндет – аталған съезге шақырылған С. Асфендиаровтың оған қатысуы немесе қатыспауы мәселесін анықтау. Қазіргі уақытта қолда бар деректер мен материалдар С. Асфендиаровтың 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен І жалпы қазақ съезіне қатысқаннан гөрі, қатыспағандығын көрсетеді. Мұның дәлелі ретінде съездің қарсаңында, 1917 жылы 11 маусымда «Қазақ» газетінде І жалпы қазақ съезін өткізу, оның уақыты мен өтетін орнын анықтау туралы жарық көрген мақаладан төмендегідей үзіндіні келтіруге болады: «Орынбордағы бюроға әр облыстан өкілдер келуін онша қажет көрмейді. Себебі қазірде қай жерде де болса, жұмыс көп, жұмыс істей білетін адамдардың қолдары бос емес. Орынборға келу, кеңесу, қайту бірталай уақытын алмақ, істеп отырған жұмыстарынан қалдырмақ. Өйтіп облыстан өкілдер келіп істеп отырған жұмысынан қалғанша, әр обласной комитет Орынбор бюросының жұрт алдына салып отырған пікірін кеңеске салып, ұнатпаған жерін өз пікірлерімен толықтырса деймін» (Esmagambetov 2008, Р. 104). Екеуі де съездің шешімімен сырттай Құрылтай жиналысына депутаттықа кандидат ретінде ұсынылды.

С. Асфендиаровтың Ақпан революциясынан кейін Түркістан өлкесінде атқара бастаған белсенді қоғамдық-саяси қызметі қазақ зиялы қауым өкілдерінің назарынан тыс қалмады. С. Асфендиаровтың І жалпықазақ съезіне арнайы шақырылуы және съездің шешімі бойынша Құрылтай жиналысына депутаттықа кандидат ретінде ұсынылуы оның есімі тек Түркістан жұртшылығы ғана емес, сонымен қатар барша қазақ халқына танымал болып үлгергендігінің дәлелі бола алады.

1917 жылдың көктем-жазында қазақ жерінде өткен облыстық съездердің үлгісімен Түркістан өлкесінің жергілікті халықтары саяси жағдайдан туындаған күрделі мәселелерді кеңесе отырып, бірлесіп шешу ұмтылыстарын танытудың салдары ретінде 2-5 тамыз күндері Ташкент қаласында Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының съезін өткізді. М. Тынышпаев төрағалық еткен бұл съездің жұмысына Т. Рысқұлов, Қ. Сарымолдаев, С. Қожанов сынды аттары жаңадан шыға бастаған жас қайраткерлермен бірге Санжар Асфендиаров, оның әкесі Сейітжафар Асфендиарұлы (съездің құрметті төрағасы) және әпкесі Умму Гүлсім де белсене қатысты (Alash kozgalysy 2004, Р. 389-398).

Съезге Сырдария және Ферғана облыстарының алты уезінен дауыс беруге құқығы бар 84 өкіл қатысып, күн тәртібінде тұрған төмендегідей 18 мәселені талқыға салды⁴ (Alash kozgalysy 2004; Mahaeva 2007 (2)). Съезге қатысушылар 16 мәселе бойынша (жалпықазақ съезі және «Бірлік туы» ұйымына қатысты мәселелер күн тәртібіне қойылғанымен анықталмаған себептердің салдарынан қаралмай қалды – А.Ж.) өз пікірлерін білдірген соң, дауысқа сала отырып, бірнеше бабтардан тұратын қаулыларды қабылдады. Өзге облыстық съездердегідей бұл съездің қатысушылары да өз арасынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттықа кандидаттарды жасырын дауыс беру арқылы белгілеп, Сырдария облысынан М. Шоқай, Ө. Кенесарин, И. Қасымов, С. Өтегенов, Қ. Қожықов, С. Ақаев, Ө. Көтібаров, З. Сейдалин, С. Мангелдин, Х. Ибрагимов, С. Айзонов, С. Лапиндермен бірге Санжар Асфендиаров та сайланды.

Съезде қабылданған маңызды шешімдердің біріне Түркістан өлкесінің қазақ және қырғыз халықтарының іс-қимылдарына ұйымдасқан бағыт-бағдар мен сипат беру үшін Түркістан өлкелік қазақ-қырғыздарының орталық кеңесін және оған бағынышты болатын Сырдария және Ферғана облыстарындағы қазақ-

⁴ Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиылысы / Бірлік туы. – 1917. – 20 тамыз. – №6

қырғыздардың кеңестерін құру туралы қабылданған шешімдерді жатқызуға болады. Съез делегаттары Сырдария облысы кеңесінің төрағалығына Ө. Көтібаровты, уақытша мүшелері ретінде Т. Рысқұловты, С. Өтегеновты, И. Қасымовты, И. Тоқтыбаевты және С. Қожановты, Ферғана облыстық кеңесінің мүшелігіне К. Бөриевті сайлады (Kazahskie s'ezdy 2007; Mahaeva 2007(1); Mahaeva 2007(2)). Сайланған мүшелерді өзге адамдармен алмастыру немесе олардың қатарын толықтыру ісі әр облыстың қарауына тапсырылды. Съез шешімі бойынша уездік деңгейдегі кеңестерден бір өкіл облыстық кеңеске, олардан екі өкіл Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының орталық кеңесіне сайланып жіберілуі және қазақ-қырғыз кеңестері ашылмаған облыстарда олар тез арада құрылып, мүшелері жұмысқа кірісулері тиіс еді.

Съездің делегаттары Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз орталық кеңесі ұйымдастырылып, өз жұмысын облыстар арқылы өлке дәрежесінде асыруға кіріскенге дейін оның құрметті төрағасы ретінде сол уақытта Түркістан өлкелік мұсылман кеңесінің төрағасы М. Шоқайды және уақытша төрағасы қызметіне И. Қасымовты ұсынып, хатшылықты атқару Меркеде белсенді саяси қызметімен көзге түскен Т. Рысқұловқа жүктеді⁵. Съезге қатысушылардың ұйғарымы бойынша М. Шоқай екі ұйымға да ұйымдасқан сипат беріп, оның жұмысына жетекшілік жүргізуі, ал Орталық кеңестің құрамына кірген мүшелер облыстар деңгейінде оның алға қойып отырған міндеттерін жүзеге асырулары тиіс деп ұйғарылды.

С. Асфендиаров бұл съезде осыған дейін таныс болмаған бірқатар қазақ және қырғыз қайраткерлерімен кездесіп, өлкеде қалыптасқан күрделі саяси-өлеуметтік жағдай туралы пікір алмасу және ой бөлісу арқылы өзі жетекшілік еткен Ташкент мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің және жаңадан құрылып отырған Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз орталық кеңесімен ұлт-азаттық күресі жолында біріге отырып әрекет етуді ұйғарғаны түсінікті. Алайда, съезде Түркістан өлкелік қазақ-қырғыз Орталық кеңесінің құрылуы туралы қаулы қабылданғанымен ол өз жұмысын бастай алмай қалды.

Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының съезі өз жұмысын тоқтатқан соң, С. Асфендиаров Ташкент қаласындағы мұсылман жұмысшы кеңесін ұйымдастыруға және оның қызметін кеңейтуге бағытталған жұмыстарды қайтадан жандандыра түсіреді. Түркістан өлкесінде өмір сүрген барлық ұлттардың жұмысшыларында ортақ таптық сананың қалыптаса бастауы Мұсылман кеңестері және жаңадан құрылып отырған кәсіподақтар сынды жас ұйымдардың тәжірибелі революционерлермен басқарылып отырған жергілікті жұмысшы және солдат кеңестері төңірегінде топтасуына себепші болып, соңғылардың ықпалы күн өткен сайын артты. Осының алдында, яғни 1917 жылы 19 шілдесінде С. Асфендиаров Ташкент жұмысшы және солдат кеңесіне Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің құрылуы туралы хабарлама-хат жолдап, жалпы мұсылмандар жиналысының хаттамасы мен кеңес жарғысының бір данасын қоса тіркеп жібереді. 1917 жылы 5 тамызда Ташкент жұмысшы және солдат депутаттар кеңесінің жариялаған резолюциясына сәйкес Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің ұйымдасу ісімен танысу және атқару комитетіне баяндама жасау Кеңестің мүшелері Бекчуров пен Березинге тапсырылды⁶.

9 тамызда Ташкент Кеңесі төрағасының жолдасы Г. Терлецкийдің жариялаған резолюциясында: «1) Атқару комитеті, біріншіден, Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің жарғысымен таныса келе, оның тиімді екендігін

⁵ Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨРМА), 1044-қ., 1-т., 3-іс, 208-п.

⁶ ТОМА. 10-қ., 13-т., 440-іс. 7-п.

тауып; екіншіден Жұмысшы мұсылман кеңесіне Жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының кеңесіне екі өкілді аттандыруды ұсынып, өз жағынан да сонша депутатты жіберетінін; 2) Кеңестің жалпы жиналысында Мұсылман депутаттар кеңесіне өкілдерді сайланатындығы туралы» хабарлайды (Pobeda Oktyabr'skoj revolyucii 1963, P. 178).

Жер-жерде жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестерінің және мұсылман жұмысшы кеңестерінің арасында өкілдермен өзара алмасу процесі орын алып жатты. Осы процесс арқылы анағұрлым тәжірибелі жұмысшы және солдаттар кеңестері мұсылмандар жұмысшы депутаттар кеңестеріне қорғау мен қолдау көрсетіп, тәжірибесімен бөлісті.

1917 жылдың ортасында Ташкент қаласының ескі бөлігінде тұңғыш мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің құрылуы өлкеде маңызды саяси оқиғалардың қатарына жатқызуға болады. Оның құрылу тарихымен біз С. Асфендияровтың қыркүйек айында «Наша газетада» жарық көрген мақаласы арқылы жақынырақ таныса аламыз: «Осы күнге дейін біркелкі, таптарға жіктелмеген, шағын түздік халықтың ортасында біртіндеп демократиялық ұйымдарды құруға бағытталған ағымдардың туындап отырғандығын байқауға болады.

Қазіргі таңға дейін орыс қоғамына мұсылман зиялы қауымын біріктіретін әр түрлі мұсылман прогрессивті ұйымдары және либералды көзқарастарды ұстанған түздік буржуазияның бір бөлігі танымал еді. Халықтың демократиялық элементтері бұл ұйымдардың жұмысына қатынаспайды, дәлірек айтқанда пассивті немесе әлсіз түрде ғана қатысады. Түздік өмірге олар айтарлықтай ықпал тигізе алмауы салдарынан, қалың бұқара бұрынғысынша діни-буржуазиялық топтың темір қыспағында қала беруде. Жақын арада қала сайлауында «Улема» партиясының тамаша жеңісі соның айқын дәлелі. Біздің прогрессивті мұсылман ұйымдарының сәтсіздігі ішінара олардың ең алдымен саяси және мәдени-ағарту мәселелерін шешуге және осы бағытта Ресейдің барлық мұсылмандарын бірігуге шақыруға көп көңіл бөле отырып, демократиялық халық бұқарасының экономикалық мұқтаждықтары мен таптық мүдделерін назардан тыс қалдырумен түсіндіруге болады. Нақ осы мәселелерде мұсылмандар арасындағы заңды жіктелістің туындауы шарт. Мұсылман прогрессивті ұйымдары жұмысшы таптарды біріктіре алатын нақты үндеулерді алға тарта отырып, қуатты бай таптың және дін басылардың оппозициясын тудырады. Олардың ойынша, бұл жағдай бүкіл прогрессивті бастамалардың беделін түсіруге өз септігін тигізеді. Осылайша, олар ымыралы жол іздеуге мәжбүр болып, барлық мұсылмандарды бірігуге шақыруда. Дегенмен, жұмысшы таптың оянған санасы қай елде болмасын мұндай жағдаймен келісе қоймай, оны таптық ұйымдардың жолына итермелейді. Осыған ұқсас жағдай Түркістанда да байқалып отыр.

Алғашында бұл ойлар соғыс кезінде барынша азап тартып, халықтың анағұрлым саналы бөлігіне айналған, тылдық жұмыстарда болып қайтқан жұмысшыларда пайда болды. Бұл жұмысшылар 16 адамнан тұратын ұйымдастыру бюросын құрып, «Мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі» атымен мамыр айының ортасында өз қызметтерін іске асыра бастады. Жетекшілерге ие болмай, жұмысқа қалай кірісуді білмеген олар мұсылман-прогрессистерінің қоғамы – «Тұранға» жолығып, бұл қоғам жас Кеңестің алғашқы қадамдарына жетекшілік жүргізді. Алайда, Өлкелік жұмысшы және солдат кеңесі тарапынан қолдау тапқанға дейін жұмыс өте баяу жылжыды, тіпті орнынан да қозғалмады. Бұл қолдау Кеңестің ұйымдастырушыларын айтарлықтай жігерлендіріп, орын алған көптеген шерулерде сөз сөйлеген шешендер Кеңестің мән-мағынасын жұмысшы таптың қорғаушысы деп

анықтаған еді. Шерулердің бірінде Өлкелік Кеңестің мүшесі жолдас Бройдомен құрастырылған Мұсылман жұмысшы депутаттар Кеңесі жарғысының жобасы ұсынылды. Жоба бірқатар өзгерістермен қабылданды.

Ақыры, 15 шілдеде ұйымдастыру бюросы қабылданған жарғыға сәйкес Кеңесті сайлау ұсынылды, яғни 100 жұмысшыға бір депутат. Осылайша, 32 мүшеден тұратын Ташкент қаласы Мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі сайланды. Кеңестің басында оның ұйымдастырушыларының және инициаторларының бірі жолдас Муфти-заде тұр. Кеңес өз құрамынан 8 мүшеден тұратын атқару комитетін сайлап, жас кеңестің жұмысы біртіндеп оңға баса бастады. Қазірше Кеңес жұмысшыларды мамандыққа бөлмей біріктіруде, бірақ артынан кәсіподақтардың ұйымдастырылуымен әрбір одақтан өкілдер кіргізілетін болады (одақтың 100 мүшесінен 1 делегат).

Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің алдында құдіретті байлардың құлдық тәуелділігіндегі түздік пролетариаттың қараңғы бұқарасын ұйымдастырудың күрделі міндеті тұр. Санасыз бұқараның ең қараңғы жақтарын – фанатизм мен надандықты ұтымды пайдаланатын байлардың берік одақтасы болып отырған дін басылардың үлкен ықпалға ие болуы біздің міндетіміздің күрделілігін арттыра түсіруде. Бұған қоса мәдени күштердің аздығын және халық басынан кешіп отырған ауыр материалдық жағдайды, байлардан күн арта ұлғайып келе жатқан тәуелділікті айта кеткен жөн [< ... >]. Жоғарыда атап өткен себептерге байланысты Кеңестің жұмысы қазірше айтарлықтай баяу жүруде. Кеңес бірінші кезекте іске асыратын міндеттерді белгіледі. Алдыңғы кезекте, әрине ағарту және ағарту тұр. Осы мақсатта Кеңестің жанынан үгіт-мәдени-ағарту комиссиясы ұйымдастырылады.

Халықтың экономикалық мұқтаждықтарына көмек ретінде Кеңес тұтыну дүкендерін ашуды жобалап отыр. Артынан кәсіподақтарды ұйымдастыру бойынша жұмыс істеп отырған ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Осы уақытқа дейін аталған комиссиямен түздік шаштаразшылардың кәсіподағы ұйымдастырылып, былғары өндірісі жұмысшыларының кәсіподағы ұйымдасу үстінде. Орыс қоғамын Кеңестің жұмысымен таныстыру мақсатында біз «Наша газетіне» Кеңес жиналыстарының хаттамаларын беріп отыруды жорамалдап отырмыз.

Өз жұмысымызда біз әрине орыс демократиялық ұйымдарымен қол ұстаса жүретін боламыз. Болашақта орыстар мен мұсылмандар арасында жаңа қатынастарды орната аламыз деген үмітіміз бар, өйткені тек демократиялық ұйымдар түздік бұқараның орыстарға деген қалыптасып үлгерген сенімсіздікті жойып, ортақ тіл таба алады. Түркістан мұсылмандары арасындағы жұмысшы қозғалысында алғашқылардың бірі бола тұрып, біз халқымыздың жақын арада босанып шығып, саналы күрескер ретінде әлемдік еңбек армиясының қатарына қосылады деген сеніммен күрделі міндетімізді іске асыруға кірісеміз»⁷.

Санжар Асфендиаров мұндай Мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңестерін құруды «мұсылмандар үшін тән халықтық психологияны, айрықша енжарлықты және бойсұнушылықты, халықтың тұрмыс жағдайын, оның дүниетанымын, мұсылман қоғамында жасы үлкендердің, имандардың, ақсақалдардың, байлардың айтқан сөздеріне қарсы шығу, айтқанына көнбеу үлкен күнә сияқты орныққан дәстүрлі көзқарастарды ескерудің»⁸ қажеттілігімен түсіндірді.

Ақпан революциясынан кейін Түркістан өлкесінде кең құлаш жайған демократиялық қозғалыстың салдары ретінде Ташкент қаласының өзінде

⁷ Наша газета. – 5 сентября 1917 г. – №110.

⁸ Бұл да сонда.

белгілі бір жарғысыз және бағдарламасыз жұмыс істеген қоғамдардың саны 200-ге дейін жетті. С. Асфендиаровтың айтуы бойынша, бастапқы кезеңде Ташкент жұмысшы мұсылман депутаттарының Кеңесіне жетекшілік жасаған танымал прогрессивті қоғам «Тұранның» өзі жарғыға ие болғанына қарамастан, тек ағартушылық қызметпен ғана шектелді.

Ташкент қаласында құрылған Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңестері мен жұмысшы мұсылмандардың одақтары «Шура-Исламия» және «Шура-Улема» ұйымдарына қарсы күреске және халық бұқарасы арасында жүргізілген насихат пен түсіндірме жұмыстарына қарамастан, соңғылардың жергілікті халық арасындағы беделі мен ықпалы бұрынғысынша жоғары болып қала берді. С. Асфендиаровтың мақаласындағы жергілікті халық арасында орныққан көзқарастардың және билеуші тап өкілдерінің бұғауында қалып отырғандығы туралы алға тартылған пікірдің дәлелі ретінде 1917 жылы шілденің аяғында Ташкент қалалық думасына өткен сайлаудың қорытындыларын келтіруге болады. «Шура-Улема» ұйымы сайлаудың нәтижесінде 112 орынның ішінен 62 орынды, ал «Шура-Исламия» 11 орынды иеленіп, айтарлықтай басымдылыққа қол жеткізді⁹. Осы сайлауда Ташкент Мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі қалалық думаның құрамына тек бір ғана өкілді өткізе алды. Қаланың еуропалық ұлт өкілдері үшін ұйымдастырылған сайлау учаскелеріне 40 704 сайлаушылардан 25 052 адам (60%) келіп қатынасқан болса, ескі қала бөлігіндегі 93 674 жергілікті ұлт өкілдерінен сайлау құқығына ие болған 47 189 адам (50%) келіп дауыс берген болатын. Демек, сайлауға келіп қатынасқан 10 мұсылманның ішінен тоғызы өз дауыстарын «Шура-Улема» ұйымына беріп, оған қолдау көрсетті.

Мұсылман жұмысшы кеңесі ресми түрде құрылып, оның жарғысы мен негізгі мақсат-міндеттері айқындалған соң, Кеңестің жетекшілері «Каноат» («Қанағат») кооперативін ұйымдастырып (Mahmudov 1991, Р. 41), ескі өзбек тілінде он бес күнде бір рет шығатын «Ишчилар дүниеси» («Жұмысшылар дүниеси») атты қаржы-экономикалық, саяси-тарихи және қоғамдық-ғылыми журналды басып шығару ісін қолға алды. Кеңес жетекшілерінің барлық талпыныстарына қарамастан, журналдың алғашқы саны тек 1918 жылдың қаңтар айында ғана Ташкент қаласындағы «Баспа ісі жұмысшылар одағының» баспаханасынан жарыққа шығып, бас редактордың қызметін Х. Жалыли атқарды. Ташкент қаласының ескі бөлігі тұрғындарының негізгі бөлігін құраған түркі-мұсылман халқын өлкеде орын алып отырған саяси оқиғалармен таныстыру, күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы пікір мен көзқарастарды ортаға салу, олардың арасында үгіт-насихат және түсіндірме жұмыстарын жүргізу «Ишчилер дүниеси» журналының басты міндеттерінің біріне айналды.

Майданнан қайтқан мұсылман жұмысшылары өлкедегі революциялық-демократиялық қозғалысқа тартылып, С. Асфендиаров және С. Муфти-заде басқарған Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесін құрғанымен, бұл кеңестің тәжірибелік маңызы бар шараларды жүзеге асыруға қабілеті жетпеді. Қайта оның көмегімен, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі бірқатар күштеу механизмдерін пайдалану және жан-жақты қолдау көрсету арқылы, мұсылман жұмысшыларының қатарына енуге, оларға бақылау орнатуға, өзінің Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетіне, Өлкелік кеңеске, жергілікті мұсылмандар арасында беделі жоғары болған «Шура-Исламия» және «Шура-Улема» ұйымдарына қарсы саяси күресте мүмкіндігінше пайдалануға ұмтылды. Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесіне жетекшілері және оның

⁹ Туркестанский курьер. – 2 августа 1917 г. – №171; Кенгаш. – 6 августа 1917 г.

төңірегінде топтасқан жұмысшылар Ташкент кеңесінің бұл айлакер саяси бағытын тек 1 қарашада жеңіске жеткен қарулы төңкерістен кейін ғана түсініп, кеш ұғынды.

Тарихи әдебиетте «қыркүйек оқиғалары» атауына ие болған билік үшін қарулы күрес аяқталуы Түркістан өлкесінде кеңес билігі орнауына жол ашты. Осы оқиғалардан кейін Түркістанның барлық облыстары мен аудандарында кеңестердің большевиктену процесі қарқын алып, өлкедегі саяси билік біртіндеп Уақытша үкіметтен біржолата Кеңестердің қолдарына өте бастады. Дегенмен, бұл жерде Г. Сафаровтың «Түркістандағы большевиктердің алғашқы съезі 1918 жылы маусымда өткендігін ескеретін болсақ, осы жерде большевизм стихиялы жолмен большевиктерден бұрын пайда болды» (Safarov 1996) деген пікірімен келісуге болады.

Архив қорларында және тарихи әдебиетте С. Асфендиаров басшылық еткен Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің мүшелері Ташкент қаласында 1917 жылдың қыркүйегінде орын алған оқиғаларға қатысқандығын дәлелдейтін құжаттар мен дерек көздері табылмағанымен, соғыс тылынан қайтқан мұсылман жұмысшыларының ұйытқысы болған Мұсылман жұмысшы кеңесінің мүшелері бұл саяси оқиғалардан шет қалды деп ой қорытуға негіз жоқ. Өйткені, Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің жетекшілері, соның ішінде Атқару комитетінің төрағасы С. Асфендиаров Түркістан өлкесінде орнаған қос билік: бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан Комитеті және оның жергілікті қауіпсіздік комитеттері мен кеңестері; екінші жағынан, негізінен эсерлер мен меньшевиктер басшылық еткен жұмысшы және солдат депутаттары кеңестері күн өткен сайын тереңдей берген ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарысты ауыздықтай алмайтындықтарын «қыркүйек оқиғалары» басталғанға дейін-ақ көздері жетті. Оның үстіне Мұсылман жұмысшы депутаттар Кеңесі құрылған күнінен бастап өз жұмысында шағын большевиктер тобы топтасқан Ташкент Кеңесіне арқа сүйеді. Сондықтан да, 1917 жылдың қыркүйек айында Ташкент қаласында орын алған оқиғалар кезінде С. Асфендиаров және ол басшылық еткен Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесі, сондай-ақ оның төңірегінде топтасқан жергілікті жұмысшылар кеңестердің жағын ұстанып, оларға қолдау көрсетті деген тұжырым жасауға болады. Мұның дәлелі ретінде, С. Асфендиаровтың «қыркүйек оқиғалары» кезінде Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің бірқатар мүшелерімен біріге отырып, Уақытша үкімет пен оның Түркістан Комитетін қолдаған әскери бөлімдерге төтеп беру мақсатында халық жасақтарының бөлімдерін ұйымдастыру және жергілікті халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу іс-шараларына араласқандығын келтіре аламыз (Mahmudov 1991, Р. 42). С. Асфендиаров Ташкент қаласындағы саяси билік үшін қарулы күрес кезінде жауынгерлердің қатарында болып қана қоймай, білікті әскери дәрігер ретінде қақтығыста жарақат алған солдаттарға медициналық көмек көрсетумен де айналысты. Мұның барлығы қорыта келгенде С. Асфендиаровтың солдат және жұмысшы бұқарасы арасындағы беделінің артуына ықпал еткендігі сөзсіз.

27 қазанда Ташкент қаласына Петроградтағы большевиктердің қарулы төңкерісі жеңіске жеткендігі туралы хабарды естіген генерал П.А. Коровиченко дереу шара қолдануға ұмтылып, юнкерлер мен казактарға Ташкент Кеңесінің Атқару комитетін тұтқындауды және оның басты әскери тірегі болған 1-ші және 2-ші Сібір полктарын қарусыздандыруды бұйырады. Юнкерлер мен казактар «Бостандық үйіне» басып кіріп, онда Ташкент Кеңесінің отырысына қатысып отырған 60 адамды тұтқындайды. Олардың арасында солшыл эсер К.Я. Успенский басқарған жұмысшы және солдат депутаттары Өлкелік Кеңесінің мүшелері де болды. П.А. Коровиченконың бұл әрекеттері Өлкелік Кеңестің

биліктен айырылған Уақытша үкімет қарсыластарының жағына үзілді-кесілді түрде шығуына алып келді. Броневиктердің күшіне сүйенген юнкерлер мен казактар 2-ші Сібір полкын қарусыздандырғанымен, дереу ескертілген 1-ші Сібір полк жауынгерлері үкімет әскерлеріне табанды қарсылық көрсетіп, оларды кері шегіндірді. Қаладағы негізгі саяси күштердің қолдауынан айырылған П.А. Коровиченко қарулы қақтығыстар басталған кезде қару-жарақты орыстардан құралған топтарға ғана емес, сонымен қатар Уақытша кеңестің жақтаған ескі қаланың тұрғындарына да таратудан басқа амалы қалмады. Оларға татарлардан құралған мұсылман батальоны да қосылды.

Қала көшелерінде төрт күнге созылған қарулы қақтығыстардан соң, 1 қарашада Ташкентте кеңес өкіметі саяси билікті өз қолына алды. Генерал П.А. Коровиченко және Түркістан Комитетінің мүшелері тұтқындалып (қамауға алынған Түркістан Комитеті мүшелерінің ішінен бостандықта жалғыз Мұстафа Шоқай ғана қалды – А.Ж.), казактар мен юнкерлердің бөлімдері қарусыздандырылды. Түркістан өлкесінің барлық Кеңестеріне келесідей мазмұндағы жеделхаттар жолданды: «Барлық билік Кеңестердің жағына өтті. Билікті өз қолдарына алыңдар» (Zhitov 1957, Р. 27).

Ташкент қаласындағы қарулы көтеріліске ескі қалалық кеңеспен құрылыс жұмысшыларынан жасақталған бөлім қатысып, 200-ге тарта жұмысшылардың қатарынан С. Асфендиаров та орын алды. Жалпы алғанда Ташкент қаласының ескі бөлігі тұрғындары 28-31 қазан аралығында қаланың жаңа бөлігіндегі орын алған саяси оқиғаларды тек еуропалық тұрғындарға тікелей қатысы бар оқиғалар ретінде ғана қарастырып, қарсыласушы жақтарға көмек көрсетпей, шет қалды.

Қарулы көтеріліс жеңіске жеткеннен кейін де ұлттық демократиялық күштер большевиктерге қолдау көрсетуден бас тартып, бұрынғысынша құлаған Уақытша үкіметті жақтаумен болды. Мысалы, У. Қожаев және С. Қожанов сынды ұлттық демократияның алдыңғы қатарлы өкілдері бүкіл мұсылмандардың және қазақ ұлттық демократиялық ұйымдардың атынан Ташкенттегі билікті күшпен иемденген большевиктерге өздерінің шешуші түрдегі наразылығын білдіріп, өлкедегі билік Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің қолында шоғырлануы тиіс деп санады (Turkestan v nachale XX veka 2000, Р. 67-68).

Әдебиеттер тізімі / Список литературы

1. 1917 год в Туркестане (Хроника событий) // Коммунистическая мысль. – Книга 3. – 1927. – С. 302.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 жыл – желтоқсан 1917 жыл. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г.: 4 т. – Т.1. – Алматы: Алаш, 2004.
3. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – Москва: ИЦ «Россия молодая», 1994.
4. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: Жалын, 1996;
5. Бочагов А. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. – Алматы: Жалын, 1996.
6. Буттино М. Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР. – Москва: «Звенья», 2007.
7. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
8. Житов К.Е. Победа Великой Октябрьской революции в Узбекистане. – Ташкент: Изд-во АН УзССР, 1957.
9. Иноятлов Х.Ш. Октябрьская революция в Узбекистане. – Москва: Политиздат, 1958.
10. История коммунистических организаций Средней Азии. – Ташкент: Узбекистан, 1967.

11. Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – декабрь 1919 г. – Т.4. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – Б. 276-277.
12. Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – Б. 299-302.
13. Махаева А.Ш. 1917 жылғы саяси өзгерістер кезінде Алаш қозғалысы және қырғыз ұлттық саяси элитасы // Қазақстан мұрағаттары. – 2007. – №2(4). –Б. 6-7.
14. Махмудов М.М. Санжар Джафарович Асфендияров // Революцией призванные: Биографические очерки. - Выпуск 2. – Ташкент: Узбекистан, 1991.
15. Нурмагамбетова Р.К. Движение Алаш и Алаш-Орда. Историография проблемы. 1920-1990-е годы XX века. – Алматы, 2003.
16. Нурпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
17. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. В 2-х томах. - Т.1. Установление Советской власти в Узбекистане. – Ташкент: Издательство АН Узбекской ССР, 1963.
18. Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). - Алматы: Жалын, 1996.- 269 с.
19. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости / Коллектив авторов: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2000.

Reference

- Ahmedov 1996 - Ahmedov, G 1996, *Alash «Alash» bolganda: Estelikter men tarihi derekter*, ZHalyn Almaty. (in Kaz).
- Alash kozgalysy 2004 - *Alash kozgalysy. Kuzhattar men materialdar zhinagy. Səuir 1901 zhyl – zheldoksan 1917 zhyl. Dvizhenie Alash. Sbornik dokumentov i materialov. Aprel' 1901 g. – dekabr' 1917 g.*, 2004, 4 t., Alash, Almaty. (in Kaz).
- Amanzholova 1994 - Amanzholova, DA 1994, *Kazahskij avtonomizm i Rossiya. Istoriya dvizheniya Alash*, IC «Rossiya molodaya», Moskva. (in Rus).
- Bochagov A. *Kratkij istoricheskij ocherk o nacional'no-burzhuaznom dvizhenii v Kazahstane perioda 1917-1919 gg.*, ZHalyn, Almaty. (in Rus).
- Buttino 2007 - Buttino, M 2007, *Revoljuciya naoborot. Srednyaya Aziya mezhdru padeniem carskoj imperii i obrazovaniem SSSR*, «Zven'ya», Moskva. (in Rus).
- Dvizhenie Alash 2004 - *Dvizhenie Alash. Sbornik dokumentov i materialov. Aprel' 1901 g. – dekabr' 1917 g.*, 2004, 4 t., Alash, Almaty. (in Rus).
- Esmagambetov 2008 - Esmagambetov, KL 2008, *Alem tanygan tyla (M. Shoqajdyng dynietanymy zhəne qajratkerlik bolmysy)*, Dajk-Press, Almaty. (in Kaz).
- Inoyatov 1958 - Inoyatov, HSh 1958, *Oktyabr'skaya revolyuciya v Uzbekistane*, Politizdat, Moskva. (in Rus).
- Istoriya kommunisticheskikh organizacij 1967 - *Istoriya kommunisticheskikh organizacij Srednej Azii 1967*, Uzbekistan, Tashkent. (in Rus).
- Kazahskie s'ezdy 2007 - *Kazahskie s'ezdy. Sbornik dokumentov i materialov. Aprel' 1917 g. – dekabr' 1919 g.* 2007, T.4., El-shezhire, Almaty. (in Rus).
- Mahaeva 2007 (1) - Mahaeva, ASH 2007, *Qazaq-qyrgyz sayasi bajlanystarynyng tarihy (XVIII gasyrdyng ekinshi zharty sy – XX gasyrdyng bas kezi)*, Cennye bumagi, Almaty, B. 299-302. (in Kaz).
- Mahaeva 2007 (2) - Mahaeva, ASH 2007, 1917 zhylgy sayasi ozgerister kezinde Alash qozgalysy zhəne qyrgyz ultiq sayasi ehlitasy, *Qazaqstan muragattary*, №2(4). B. 6-7. (in Kaz).
- Mahmudov 1991 - Mahmudov, MM 1991, Sanzhar Dzhaifarovich Asfendiarov, *Revoljuciej prizvannye: Biograficheskie ocherki*, Vypusk 2, Uzbekiston, Tashkent. (in Rus).
- Nurmagambetova 2003 - Nurmagambetova, RK 2003, *Dvizhenie Alash i Alash-Orda. Istoriografiya problemy. 1920-1990-e gody XX veka*, Almaty. (in Rus).
- Pobeda Oktyabr'skoj revolyucii 1963 - *Pobeda Oktyabr'skoj revolyucii v Uzbekistane. Sb. dokumentov. V 2-h tomah. T.1. Ustanovlenie Sovetskoj vlasti v Uzbekistane 1963*, Izdatel'stvo AN Uzbekskoj SSR, Tashkent. (in Rus).
- Safarov 1996 - Safarov, G 1996, *Kolonial'naya revolyuciya (Opyt Turkestana)*, ZHalyn, Almaty. (in Rus).
- Turkestan v nachale XX veka 2000 - *Turkestan v nachale XX veka: K istorii istokov nacional'noj nezavisimosti* 2000, Shark, Tashkent. (in Rus).
- Nurpejsov 1995 - Nurpejsov, K 1995, *Alash ham Alashorda*, Atatek, Almaty. (in Kaz).
- Zhitov 1957 - Zhitov, KE 1957, *Pobeda Velikoj Oktyabr'skoj revolyucii v Uzbekistane*, Izd-vo AN UzSSR Tashkent. (in Rus).

Санжар Асфендияров и Ташкентский совет мусульманских рабочих депутатов

Жунисбаев Алмас Абдиганиулы

докторант PhD, научный сотрудник Института истории и этнологии Ш. Валиханова. Республика Казахстан, 046100, г. Талгар, ул. У. Громовой, 6а. E-mail: aj013@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается деятельность видного общественно-политического и государственного деятеля Санжара Асфендиярова в период революционного движения в Туркестанском крае в 1917 г., подробно освещается его работа по созданию и организации Совета мусульманских рабочих депутатов в г. Ташкенте, на основе разбора его политических взглядов выявляется степень участия в тюрко-мусульманском национально-освободительном движении по созданию автономии, анализируются проблемы взаимоотношений с местными национальными политическими организациями и Ташкентским советом рабочих и солдатских депутатов. Изучение данного периода жизни и деятельности С. Асфендиярова, показывает, что он как офицер военно-медицинской службы бывшей царской армии был вовлечен в революционное движение в Туркестанском крае из солдатской среды. Ввиду этого социально-демократические взгляды С. Асфендиярова существенно отличались от большинства представителей тюрко-мусульманской интеллигенции. Обучение в Императорской военно-медицинской академии, служба в рядах царской армии, участие в сражениях на фронтах Первой мировой войны, немецкий плен, опыт ведения политической борьбы против эмирского режима в Бухаре, организаторская работа по вовлечению мусульманских рабочих, вернувшихся с тыловых работ в революционное движение, взаимодействие с Ташкентским Советом рабочих и солдатских депутатов существенно повлияли на формирование его политических взглядов и способствовали рациональной оценке расстановки политических сил в крае. Большевистский переворот в ноябре 1917 г. в Ташкенте и последующий разгром Кокандской автономии в феврале 1918 г. подтвердили необходимость и неизбежность перехода на сторону Советов. С. Асфендияров принадлежал к числу тюрко-мусульманской интеллигенции, которая была призвана революцией защищать интересы коренного населения Туркестанского края в условиях установления большевистского режима в Советском Туркестане.

Ключевые слова: Санжар Асфендияров; национально-освободительное движение; революционное движение; совет мусульманских рабочих депутатов; тюрко-мусульманская интеллигенция.

Sanjar Asfendiyarov and Tashkent Soviet of the Muslim Workers-Deputies

Zhunysbayev Almas Abdiganiuly

Doctoral PhD program, researcher at Sh.Valikhanov Institute of History and Ethnology. Republic of Kazakhstan, 046100, Talgar, Uljany Gromovo str., 6a. E-mail: aj013@mail.ru

Abstract. The article discusses the activities of a prominent socio-political and state figure, Sanjar Asfendiyarov in the period of the revolutionary movement in Turkestan in 1917. His work on the creation and organization of the Soviet of Muslim Workers-Deputies in Tashkent is covered in detail; on the basis of analysis of his political views, the degree of participation in the Turkic-Muslim national liberation movement to create autonomy is detected; the problems of relations between the local and national political organizations, and the Tashkent Soviet of Workers and Soldiers-Deputies are analyzed. The study of this period of S. Asfendiyarov's life and activity shows that he as an officer of the military medical service of the former tsar army was involved in the revolutionary movement in Turkestan from the soldier's environment. Due to it, the socio-democratic views of S. Asfendiyarov were significantly different from the majority of representatives of the Turkic-Muslim intellectuals. His studies in the Imperial Military Medical Academy, his service in the tsar army, participation in the battles of the World War I, being a German prisoner, the experience of political struggle against the emir's regime in Bukhara, organizational work to involve the Muslim workers who had returned from the rear to the revolutionary movement, interaction with the Tashkent Soviet of Workers and Soldiers Deputies significantly influenced the formation of his political views, and contributed to a rational assessment of the alignment of political forces in the region. The Bolshevik revolution in November 1917 in Tashkent and the subsequent defeat of Kokand autonomy in February 1918 confirmed the necessity and inevitability of the transition to the side of the Soviets. S. Asfendiyarov belonged to the Turkic-Muslim intellectuals, who were intended by the revolution to protect the interests of the native population of Turkestan in the conditions of the establishment of the Bolshevik regime in Soviet Turkestan.

Keywords: Sanjar Asfendiyarov; national liberation movement; revolutionary movement; the Soviet of Muslim Workers-Deputies; the Turkic-Muslim intellectuals.